XVII ғасырдың яғында қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайы өте шиеленісе түскен болатын. Халық басына қиын да, қилы заман орнады. Сыртқы дұшпандар жиі торуылдай бастады. Ал қуатты сұлтандар өздерінің иелігіндегі ұлыстарды жеке-дара билеп, дербестенуге бой ұрды. Осындай туындаған саяси ахуалға байланысты, әрі сол кезеңде билік құрған Тәуке хан елдің ауыз бірлігін нығайтатын шаралар қарастыра бастады. Тәуке хан Қара қазақ өкілдері - билер мен батырлармен жақындасып өз саясатын жүргізгеннен ұтылған жоқ. Әрқашан да халық көзі кеніш. Сол кеніштің бірлік-бітімі болмай, елдің берекесі кірмейтінін, жат елдіктерге бодан боларын сезген Тәуке хан үш жүздің бірлігін ойлап, елім деп еңіреген ерлер мен данышпандарын жинап, соларға ерік берді. Соның нәтижесінде қоғам ішіндегі алауыздық азайып, ел бейбіт өмір сүрді, көші-қон реттелді. Өйткені ішкі алауыздықты жоймай, дау-жанжалды тоқтатпай тұрып, сырттан төнген қауіпке қарсы тұру мүмкін емес еді. Осы мақсатпен Тәуке ханның қазақ қоғамына түбегейлі өзгерістер енгізе отырып, жүргізілген реформалардың жемісі ретіндегі қабылданып тарихта «Жеті жарғы» деген атаумен аталып кеткен қазақ әдет-ғұрып заңдарының жиынтығын ерекше атап өтуіміз керек. Уақыт өте келе «Дала Конституциясы» деп те аталған осы әдет-ғұрыптық құқықтық нормалар жиынтығы қазақ қоғамында 1867-1868 жылдары Ресейдің Уақытша Ережелері енгізілгенге дейін негізгі құқықтық құжат міндетін атқара отырып, ал оның бірқатар қағидалары XX ғасырдың басына дейін қолданылып келгендігі, оның өміршеңдігінің айғағы болса керек. Тәуке ханның тұсында халқымыздың дана билері Тәуке хан басшылығымен бес тараудан тұратын Қасым хан, Есім хан ережелеріне қалмақтың жортуыл-шапқыншылығына байланысты тарихи-саяси жағдайдың аса шиеленіскен қиын кезеңінде тағы да екі тарау қосқаны белгілі. Сондықтан да осы қабылданған құқықтық құжаттарды қазақтардың өзінің өткен тарихына қатысты қойған үлкен ескерткіші деп атауы да заңдылық зиякты. Осы аталмыш заңдарға сүйенген қазақ билері қоғам ішіндегі дау жанжалдарды шешіп отырды. Соның нәтижесінде ел іші аздап болса да тынышталып, жұрт бейбіт өмір сүрді, адамдарға береке кірді. Хандық билік әжептәуір нығайды. Сыртқы дұшпандармен тең құқықты сөйлесуге мұрша берді. «Жеті жарғы» заңдары А.И.Левшиннің, Л.Ф. Баллюзектің, Д. Андренің, И.А. Козловтың, Я. Говердовскийдің, Я.И. Гурляндтың, Д.Я.Самоквасовтың, Г Шангиннің, Л.А. Словохотовтың, Н.И. Гродековтың, А.Айтовтың сонымен бірге қазақстандық бірқатар зерттеуші ғалымдардың, оның ішінде академик-заңгер С.З. Зимановтың ғылыми зерттеулерінде азды-көпті болса да берілген.

Қазақ халқының тарихында айтулы тұлғалардың әдет-ғұрып, заң, құқық, ел басқару, мемлекет құру, сот ісіне қатысты айтып қалдырған ой-пікірлері мен атқарған еңбектері де ұшан-теңіз. Сөзіміз дәлелді болу үшін қазақтың біртуар ұлы Шоқан Уәлихановтың экономикалық және саяси реформалар халықтың дәстүрі мен қажеттіліктеріне сүйенуі керек деген сөзін атап өткен орынды болар еді, және ол қоғамды саяси реформалардың көмегімен өзгертуге болады деп санады. Бірақ XIX ғасырдың 60 жылдарында патша өкімет іске асырған саяси-экономикалық реформалар Шоқанның идеалына сай келмеді. Шоқан өзінің құнды «Сот реформалары туралы хат» деген еңбегінде саяси реформаның мәнін ашып көрсетті, қазақ даласында тарихи тамыры терең, халықтың қолдауына ие болған билер сотының қажеттілігін негіздеді. Әрі ғұлама ғалым өз заманында орыстың көп жылдардағы ықпалына қарамастан, билер сотының дәстүрлі, әрі беделді қалпын сақтап қалғандығын айта келе, уақыт өтуімен даму үрдісі, әрі орыстың заңнамалары - билер сотының ежелгі, қарапайым үлгісін өзгерте алмағандығын да ерекше толғаныспен атап өтеді. Бұл жөнінде Ш. Уәлиханов: билердің беделін Еуропадағы адвокаттар, ақындар мен ғалымдар секілді өздерінің жеке бастарының дара қасиеттерімен байланыстыра келе, Гете мен Шекспирдің ақындық қасиеттерінің үкіметтің ешқандай қаулысымен пайда болмағандығын, яғни өздерінің ерекше дарындылығынан туғандығын еске сала келе, билердің де беделі солай қалыптасқан деген өзінің баға жетпес пікірін білдіреді. Сонымен қатар, Қазақстанның

округтарға бөлініп, оны басқарудың жаңа түрі енгізілгенде қазақтардың басқару жүйесіне қатыстырылуы олардың өмірін жеңілдетеді деп санайды. Ш. Уәлиханов саяси және құқықтық теорияларды жақсы білді. Оның пікірінше, саясат – бұл билік және оны орнату тәсілдері. Билік мемлекеттің негізгі функциясы, оның құрылымы және іс - әрекетінің мағынасы үстемдік ететін күштерге байланысты деген де шынайы пікір қалдырған.

Қазақ қоғамы өз басынан небір аумалы-төкпелі, «Ақтабан шұбырынды – Алқа көл сұлама» сияқты қилы да, қиын, қасіреті мол замандарды өткергенін көне тарих растайды. Ел басқару ісінде жалпы қазақ қоғамында билерге айырықша мәртебе берілгеніндігі туралы жоғары да атап өтілген. Оған дәлел ретінде қазақ шекарасынан тыс жерде қабылданған, яғни Алтай аймағында бір кездері «Абақ Керейдің әдет-ғұрып заңы», кейін «Абақ Керей ережесі» деп те аталған қазақтың құқықтық құжаттар жинағы туралы з.ғ.д., профессор, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген заңгері Ғайрат Сапарғалиев былай деп еске алады. Құжатта өте қызықты, елең еткізетін тың мәліметтер бар. Оны Абақ Керейдің заманында атақты билердің жазғандығын және бұл құқықтық құжаттың екі бастаудан нәр алғандығын, яғни біріншісі – қазақтың ежелден қалыптасқан әдет-нышандары болса, екіншіден – шариғаттың кейбір қағидаларын негізге алғандығын ерекше атап өтеді. Сәйкесінше мұнда қазақтың әдеттері басым екені сөзсіз. Бұл құжаттың қазақ халқының құқық тарихын зерттеуге өте қажет дерек екеніне күмәндануға болмайды. Және оның тағы бір ерекшелігі – ол орыс патшалығына қарамаған қазақтардың ұстанған құқықтық жинағы екендігін айта келе, кейін оның «Төрт би, төре заңы» деген атпен аталған құжат екендігін алға тартады. Осы аталған құқықтық құжат өзінің бастауын «Жеті Жарғыдан» алғандығы да шындық, бірақ «Төрт би, төре заңы» қазақтың ата-заңдарының ішінде төре мен қарашаның арасына дақ түсірмей, ақсүйек пен қарапайым жұртшылықты «теңдік» қағидасына жүгіндірген тұңғыш, әрі осы аталмыш құқықтық құжат көшпелі өмір қатынасын заман талабына сәйкес реттеген заңнама, себебі осы құжатта сол кезеңдегі қазақ қоғамының барлық ерекшеліктері шынайы қамтылғандығымен ерекшеленетіндігін алға тартады. 1949 жылы Қытайда коммунистік жүйе орнағанға дейін қарапайым бұқара халықтың осы «Төрт би, төре заңына» жүгініп келгендігі оның баға жетпес құндылығын білдірсе керек. Және осы аталған «Қазақтың заңы қақындағы» құқықтық құжатты көне ұйғыр тілінен танымал ғалым, қазіргі уақытта Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Түркітану және Алтайтану» ғылыми зерттеу орталығының жетекшісі ф.ғ.д, профессор Қаржаубай Сартқожаұлының аударып табыстағанын атап өтеді. Бұл дерек жалпы редакциясын ҚР ҰҒА-ның академигі, з.ғ.д., профессор С.З.Зимановтың басқаруымен сол кездегі з.ғ.к. З.Ж. Кенжалиев, Е.Л. Тоғжанов, С.О.Дәулетова, Ш.А. Андабеков, М.К. Әділбаевтың бірігіп құрастыруымен басылып шыққан «Қазақ әдет-ғұрып құқығының материалдары» (Алматы: Жеті жарғы, 1996. - 208 бет) деген еңбегінен алынды.

Шар өзенінің бойындағы Қарамола деген елді мекенде 1885 жылдың мамыр айында Семей губерниясына қарайтын 5 уездің 100-ден астам би-болыстары бас қосқан төтенше съезі (тарихта ол Қарамола съезі деген атаумен белгілі) өткені белгілі. Осы съезде төбе би болып сайланған Абай «Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесін» әзірледі. Абай бастаған топ барлығы 93 баптан (кейбір зерттеушілердің дерегі бойынша 73 баптан) тұратын ережені бас аяғы 3-4 күннің ішінде дайындап шығарды. Бұл қазақ қауымында ежелден қалыптасқан кертартпа әдет-ғұрып заңдарына да, патша өкіметінің халықты қанаушылыққа, зорлық-зомбылыққа негізделген заңына да ұқсамайтын, өзгеше құжат еді. Оның әсіресе ұрлық, қылмыс пен әйел мәселелеріне арналған баптары ерекше құнды. Қарамола съезінің ең басты тарихи оқиғасы ретінде саналатын осы ережені жазып шыққаннан кейін халық Абайды «төбе би», «әділ би» деп төбелеріне көтергендігін және барлық болыс, игі жақсылар, билер мен ұлықтар мақұлдап, Ереже астына қол қойғандықтарын айта келе Абай әдет-ғұрып мәселесін заманға лайықтап, халық пайдасына шеше білді, кем-кетіктің, әсіресе әйел құқығын жақтады деп көрнекті ғалым Ә. Қоңыратбаев орынды атап өтеді. Бұл берілген бағадан осы «Ереженің» заңға бергісіз құнды болғандығын бақылауымызға болады. Ғұлама ойшыл шығармашылықпен қатар ел басқару, сот мәселелері,

болыс сайлау мәселелерінен де тыс қалмаған, оған дәлел ретінде хақім Абайдың «билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын», Әз Тәуке ханның «Күл төбенің басында күнде жиын» болғандағы «Жеті Жарғысын білмек керек» деуі бекерден-бекер болмаса керек.

Заманауи кезеңге сәйкес кейінгі толқын зерттеуші ғалымдар Ата заңның қайнар бастауын тереңірек зерттей отырып ең басты деген екі құжатты алға тартады. Оның алғашқысына 1911 жылы Әлейхан Бөкейханұлының құпия түрде жеке тапсыруымен көрнекті қоғам қайраткері, заңгер Барлыбек Сыртанов Ресей астанасы кітапханасының бай қорын пайдалану барысында жобасын әзірлеген «Қазақ елінің уставы» деп аталған құжатты (алқашқы қазақ конституциясы) жатқызады. Осы аталған құқықтық құжат, яғни Устав құрылымы бойынша мемлекет құрылысын, қазақ жерін, адам құқығын, сот тәртібін қамтыған жалпы 28 баптан тұрды. «Қазақ елінің уставы» құжатының негізгі идеясы - дербес ұлттық егемен мемлекетті қалыптастыру болатын. Бұл Конституцияның қабылданбағаны айтпаса да белгілі. Барлыбек Сыртанов уставтың кіріспе сөзінде қазақ елін көне ұлттардың бірі ретінде атай келе, оның тарихының тамыры тереңге жайылғандығын алға тартады. Жеке ел болып өмір сүрді, елін, жерін, қорғады. Ұрпақ жалғастырудан 7 миллионға жетті. Санымен Россияда үшінші орында. Байғұс қазақтар өз жеріне ие болудан айрылды һәм айдалаға, құмға ығыстырылды... Өз алдына ел болуды көздеумен дүниеде өзін-өзі билеген нәсілдер сияқты жеке ел болу мақсатында һәм елді бақытты, теңдік, бостандық өміріне жеткізу үшін уставты кіргізеді» деп жазады. Расында да, уставтың екінші «Адам баласының хұқы турасында» аталатын бөлімі адам теңдігі мәселесін көтереді. Адам тек Құдай мен «законның» алдында ғана жауап береді. Қазақ елінде ер мен әйел тең, ал қазақи ерекшеліктер әйелдерді қорламайды, әйел келісімімен іске асады. Сондай-ақ, «...қазақ елінде адам баласының еркін сөйлеуге, ұйым құруына һәм партияларға кіруіне тыйым жоқ». Дей келе, сосын: «Жаңа заманда атыссыз, соғыссыз, қан төкпей бейбіт жолмен жерімізде хүкіметі өз қолында ел болу мақсатында, барлық елдермен достықта болу үшін жеке Қазақ елі республикасын құрамыз. Қазақ елі республикасында жоғарғы билік жүргізуді бүкіл қазақ және басқа нәсілдердің өкілдері дауыс беру арқылы іске асырады. Сайланатындар елдің ең сүйікті, білімді, ел үшін жан беретін адамдар. Өз алдына ел болуды көздеумен дүниеде өзін-өзі билеген нәсілдер сияқты жеке ел болу мақсатында һәм елді бақытты, теңдік, бостандық өміріне жеткізу үшін осы уставты кіргізеді», - деп нақтылай түседі. Б. Сыртановтың бастамасымен әзірленген уставта бүгінгі таңдағы өзекті деген демократия негіздерінің, әрі қиындығы мен қасіреті мол XX ғасырдың бас кезеңдерінің өзінде Алаш қайраткерлерінің бүгінгі тәуелсіз, демократиялық қоғамды құру жолындағы арман мақсаттары мен өлшеусіз еңбектерінің жатқандықтарын бақылауымызға болады.

Ал екіншісіне «Алаш» партияның бағдарламалық құжатын жатқызады. Кейбір дерек көздер бойынша «Алаш конституциясы» аталғанымен, бірқатар сарапшылар «Конституция» дегеннен гөрі көбінесе «конституциялық бағдарлама» деген дұрысырақ деген пікірге келіп тоқтайды. Қалай десек те, Алаш арыстарының қабылдаған «Алаш» партиясының бағдарламасына кейбір конституциялық міндеттемелердің енгендігін ерекше атап өткен жөн. Тәуелсіздік жолындағы жан алысып-жан берiскен XX ғасырдың басы, яғни Алаш зиялылары тәуелсіздік мүмкіндігі ұшқындаған кезеңнің өзінде ұлттық-демократиялық мемлекет құруды мұрат етті. «Алаш» партиясы бағдарламасын әзірлеген тұлғалардың қатарында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Ғалымбек Бірімжанов, Елдес Ғұмаров, Ғабдулхамид Жүндібаев, Есенғали Тұрмұхамедов сияқты бірқатар Алаш зиялыларының болуы да заңдылық еді.

Осы аталмыш құжаттың құрылымы өз заманына сәйкес көптеген еуропалық мемлекеттердің конституцияларына сәйкес келді. Жаңа құжатта озық идеялар көрініс тапты. «Алаш» партиясының бағдарламасы жалпы 10 бөлімнен тұрды, онда Ресейдің федерациялық құрылымы, ұлттық автономиялардың құрылуы, мемлекет билігінің үш тармаққа бөліну принципі, сайлаудың жалпыхалықтық сипаты сияқты өзекті мәселелер қозғала келе, мемлекеттің нысаны, құқық негіздері, жергілікті билік пен оны басқару жүйесі, дін

бостандығы, сот билігі, елді қорғау, салық салу, жер мәселелері тұтастай қамтылды. Басты ерекшелігі – бағдарлама Қазақ автономиясын өзге халықтармен бірге демократиялық сипаттағы Ресей федеративтік мемлекетінің құрамындағы ел ретінде тани келіп, жеке мемлекет болу мүмкіндігін де естен шығарған жоқ. Онда: «Русия демократиялық, федеративтік республика болу (демократия мағынасы – мемлекетті жұрт билеу. Федерация мағынасы – құрдас мемлекеттер бірлесуі. Федеративтік республикада әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді)» деп айқын жазылды. Сосын ұлттық дербестік – жергілікті бостандық мәселесі қамтылады. Алаш партиясы дініне, қанына (ұлтына), жынысына қарамай барлық адамдардың теңдігі қағидасын ұстанды. Сонымен қатар аталмыш бағдарламада соттар мен дін өкілдері – молдалардың отбасы, неке дауларын шешудегі өкілеттігін ажыратты және бір ерекшелік, бағдарламаға сәйкес, сөз, баспасөз бостандығы, тұрғын үйге, меншікке қол сұғылмау, тек сот арқылы тұтқынға алу, сот алдында әркімнің теңдігі, ауыр қылмыстарды алқабилер сотына беру, қазақтар көп тұратын жерде сот ісін қазақ тілінде жүргізу, жалпыға бірдей білім алу құқығы және басқа да көптеген құқықтық мемлекетке сай ережелер көрсетілген болатын. Мемлекеттік бағдарламада зайырлы мемлекеттің де анықтамасын дәл бере білді. Мысалы, онда: «Дін ісі мемлекет ісінен айырылулы болуы. Дін біткенге тең хұқық. Кіру-шығу жағына бостандық» деп нақты жазылған. Алаш қайраткерлерінің сонау өткен ғасыр басындағы конституциялық бағдарламасының өзі бүгінгі тәуелсіз мемлекеттік нышанымызбен үндесетіні байқалады. Тіпті, мұндағы бірқатар мәселелер күні бүгінге дейін өзінің өзектілігі мен құндылығын жоймағандығын атап өткен дұрыс болар еді. Алаш зиялылары осы аталмыш партияның бағдарламасын, сол кезеңнің саяси ахуалының аса күрделігіне қарамастан, ел мүддесі үшін өздерінің басын тіге отырып «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 21 қарашадағы номерінде басып шығарды.

Қазақ АСКР-ның (Қазақ Автономиялы Социалистік Совет Республикасының) Конституциясының жобасы 1924 жылы жергілікті деңгейде қабылданып, 1926 жылы Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінде бекітілуі керек еді. Бірақ та осы аталмыш құжат бекітілмей қалса да, автономиялы республиканың барлық органдары осы Конституцияны басшылыққа алып отырды. КСРО кезінде Қазақстанның Конституциясы 1937 жылғы 20 наурызда қабылданды. Осы Конституция негізінде автономиялық республикамыз Одақ құрамына одақтас республиканың бірі болып кірді. Екінші Конституция 1978 жылдың 20 сәуірінде бекітілді. Болашақта ол 1993 жылғы тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясының жобасын әзірлеуге негіз болды. 1991 жылғы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы қабылданды. Бұл уақытта 1978 жылғы Конституцияның нормаларының және басқа заңнамалық актілердің заңдық күші жойылмаған болатын. Алайда Конституциялық Заң мемлекеттің егемендігі жариялануға байланысты ел өміріндегі қоғамдық-саяси өзгерістерді бекітті. Бұл Заңның нормалары Қазақ ССР-ның негізгі заңындағы нормалардан жоғары тұрды. Сол себептен бірқатар құқықтанушы ғалымдар «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңын Қазақстанның «мерзімдік конституциясы» деп атаған кезеңдер де болды. Тәуелсіз Қазақстанның ең алғашқы Конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда Жоғарғы Кеңестің XII шақырылымының IX сессиясында қабылданды. Құрылымы бойынша IV бөлім, XXI тарау және 131 баптан құралған негізгі заң тәуелсіздік құндылықтарын қалыптастыруға мүмкіндік бере отырып, еліміздің құқықтық, демократиялық, әрі зайырлы мемлекет екендігін айқындап берді.

Конституцияны әзірлеу кезінде еліміздің ғалым-заңгерлері конституцияны құру саласындағы шет елдік тәжірибелерді тереңірек зерделей келе, мемлекеттік билікті ұйымдастыру және бөлу саласындағы АҚШ тәжірибесін үлгі ретінде ұстана білді. Тұлғаның құқықтық мәртебесі туралы айтқанда, негізгі заңымыз Француздық Конституцияға жақын. Сондықтан, оның баптары мен негізгі қағидаларының, атап айтқанда, президенттік басқару үрдісінің, конституциялық бақылауды жүзеге асырудың негізгі тетіктерін анықтауда ерекше

көмегі болды. Оның үстіне, Францияның сол уақыттағы Мемлекеттік кеңесінің кеңесшісі лауазымын атқарған заңгерлері Жак Аттали мен Конституциялық кеңесінің бұрынғы төрағасы Роллан Дюма және Ресейдің белгілі құқықтанушы ғалымдары да жаңа Конституция жобасы жөніндегі Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы сараптық-консультативтік кеңестің құрамына кірді. Конституция неғұрлым тұрақты болған сайын өміршең болатындығы сөзсіз. Тұрақты болуы шарт деп айтсақта, жалпы Конституция деген – қатып қалған догма емес, оны заман талабына сәйкес өзгертіп отыруға болады. Әлем елдерінің тәжірибесінде бұл үнемі кездесіп отыратын жағдай. Барлық заңнамалар мен нормативтік-құқықтық актілер Конституцияға негізделіп дайындалады. Яғни Конституция заңдарды бір жүйеге келтіріп, реттеп, үйлестіріп отыратын тірек деп айтуға болады.

Қабылданған жаңа Конституция негізінде мемлекеттік органдар жүйесі қалыптасып, бүгінгі таңда қалтқысыз қызмет атқаруда. Қабылданған жиырма жыл ішінде Ата заңды қолданудың, оның нормаларын іске асырудың үлкен тәжірибелік мектептері мен дәстүрлері қалыптасты. Ата заңымыз бойынша бекітілген демократиялық, құқықтық, әлеуметтік және зайырлы мемлекет қалыптастыру қағидалары қоғамда түпкілікті орнығып, бүгінгі таңда өз жемісін беруде. Конституцияның тағы бір ерекшелігі заң шығарушы орган - қос палаталы Парламентті қалыптастырды. Тәуелсіздігіміздің жиырма жыл мерзімі ішінде қос палаталы Парламент біздің еліміздің дамуы мен кемелдене түсуіне тікелей әсер ететін бірқатар жаңа заңнамалар қабылдай отырып, бұрынғы қолданыстағы заңнамаларға өзгертулер мен толықтырулар енгізіп үлгерді. Қабылданған Конституцияның тағы бір ерекшелігі адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына ерекше көңіл бөлумен бірге, осы негізгі құндылықтарды халықаралық деңгейге дейін көтеріп, бекітіп бере алғандығымен бағаланады. Себебі біз құрамында өмір сүрген 70-80 жылдық тарихы бар КСРО кезеңінде «Бәрі де мемлекет, қоғам үшін, қоғамның игілігі үшін» деген жалаң ұран кеңінен насихатталған болса, ал бүгінгі қолданыстағы заманауи Конституциямыздың ең басты ерекшелігі мен құндылығы, әрі тұрақтылығы мен өміршеңдігі адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ең бірінші кезекке қоя білуінде болса керек. Ата заңымыздың 39 - бабы 1-тармағында бекітілген, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін деген норманың әсері мол. Сонымен бірге, осы аталмыш баптың 3 тармағында Конституция адамның және азаматтың ешбір шектеуге жатпайтын құқықтары мен бостандықтарының жүйесін бекітеді. Атап айтсақ, республика азаматтығынан келіп туындайтын құқықтар, бостандықтар мен кепілдіктер, тұлғаның құқық субъектісі ретінде танылуы, сот арқылы қорғалу құқығы, білікті заң көмегін алу, заңда көзделген жағдайларда ондай көмекті тегін алу құқықтары, заң мен сот алдында жұрттың бәрінің теңдігі, тегіне, әлеуметтік, лауазымдық, мүліктік және өзге де жағдайлар бойынша тұлғаны кемсітуге жол бермеу, өмір сүру, әркімнің жеке басының бостандығына құқығы, адамның қадір-қасиетіне қол сұқпау және басқалар. Бұл құқықтар мен бостандықтарды заңмен де, өзге актілермен немесе мемлекеттік органдар мен лауазым иелерінің әрекеттерімен де шектеуге жол берілмейді.

Ата заң қабылданып өз қызметін бастаған сәттен бастап қабылданған нормативтік-құқықтық актілер мен халықаралық келісімдердің Негізгі Заңға сәйкес келуін тексеру, яғни конституциялық бақылауды жүргізу қажеттілігі туындады. Бастапқы кезеңде, бұл қызметті нақтырақ айтар болсақ 1992 жылдың маусымы мен 1995 жылдың қазан айлары аралығында Конституциялық Сот атқарғаны белгілі. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесін құру туралы шешім 1995 жылғы 29 желтоқсанда қабылданып, келер жылдың ақпан айында құрылып өз қызметін бастады. Біздің қабылдаған Ата заңымыз моделі бойынша Франция Конституциясына жақындығын айта келе, Францияның мемлекеттік құрылымында да Конституциялық Кеңестің жұмыс жасайтындығын атап өткен орынды болар еді. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі жеке дербес мемлекеттік орган ретінде 1995 жылғы Ата заңымыз өз күшіне енгеннен кейін құрылған, еліміздің барлық аумағы бойынша

Ата заңның үстемдігін, беріктігі мен мызғымастығын қамтамасыз ететін тәуелсіз мемлекеттік орган. Конституциялық Кеңес өзіне Ата заң арқылы берілген өкілеттіктердің шеңберінде түрлі деңгейдегі дауларды конституциялық ретке келтіріп, билік тармақшалары немесе өзге де мемлекеттік органдардың арасындағы тартыстарды конституциялық-құқықтық жүйеге келтіріп отырады. Сонымен қатар, Конституциялық Кеңес өз қызметін жүзеге асыру барысында саяси және өзге де себептерді негізге алмай тек қана құқықтық қағидаларды басшылыққа ала отырып, қорытынды шешімдер шығаратын орган болып саналады.

Ол саяси биліктің жүзеге асу шегін белгілеуге, мемлекеттіліктің демократиялық сипатын қамтамсыз етуге ықпал етеді. Конституция қоғам өмірінің түрлі салаларындағы әлеуметтік топтар мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастарды қалыпқа келтіріп отыратындықтан зор әлеуметтік күш-қуатқа ие. Елімізге танымал құқықтанушы заңгерлер біздің қолданыстағы Ата заңымыздың әлеуеті жағынан ешбір елдің конституцияларынан кем еместігін, әрі әлемдегі жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптейтін ең озық 50 Конституцияның қатарына кіретіндігі туралы пікірлерін ашық айтуы көп нәрсені аңғартса керек. Қолданыстағы негізгі заңның әлеуеті мен мүмкіндіктерін толық пайдалана алып жүрміз бе деген ой туындауы да заңдылық. Болашақта осы Конституция нормаларын аяғына дейін орындап отырсақ, талай асуларды алатындығымыз анық. Себебі еліміздің таяу, әрі ұзақ мерзімдегі даму болашағын айқындайтын нормативтің-құқықтық актілердің барлығы осы Ата заңымыздан бастау алатыны сөзсіз. Оның дәлелі ретінде Елбасының жыл сайынғы Қазақстан халқына арналған Жолдауларын, «Мемлекет құру ісіндегі ары қарайғы 100 нақты қадам» атты Ұлт жоспарын, сонымен қатар Елбасының ұсынған бес институционалдық реформасын мысал ретінде атап өтуге болады. Кәсіби және автономиялық мемлекеттік аппаратты қалыптастыру атты бірінші реформасы бойынша мемлекеттік қызметтің мансаптық моделіне көшуге тиістіміз десе, екінші халықтық реформасында – сот және құқық қорғау жүйесін модернизациялау мәселесіне тоқталып өткен. Ал үшінші бағыты индустрияландыру бағдарламасы деп аталса, төртінші реформа – «Болашағы біртұтас ұлт» қалыптастыру, ал соңғысының «Транспаренті және есеп беруші мемлекеттің» тұғырларын бекіту деп аталғаны белгілі. Сонымен қатар «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» ҚР Президентінің 2015 жылғы бағдарламасының басым бағытының бірі заңның үстемдігін қамтамасыз ету. Ата заңында өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыратын, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатын мемлекетте құқық үстемдігі басым болуы басты қағидаларының бірі.

Егемендіктің, әрі тәуелсіздіктің ең маңызды көрсеткіштерінің бірі төл теңгеміздің айналымға енуі ел экономикасының еселене түсуіне айтарлықтай зор ықпалын тигізген факторлардың бірі. Мысалы, осы қолданыстағы Ата заңымыз қабылданғаннан кейін бір-екі жылдың көлемінде Ел астанасын Қазақстанның бел ортасына, яғни Ақмолаға ауыстыру мәселесі көтеріліп, сол кезеңдерге сәйкес әлемдік экономиканың қиын-қыстау кезеңдеріне қарамастан бұл мәселе барша қазақстандықтар тарапынан оң қолдау тауып, бүгінде Астана қаласы әлемнің ең әсем қалаларының біріне айналғаны барша қазақстандықтар үшін мақтаныш. Әлемнің алпауыт мемлекеттерімен иық теңестіре отырып, Қазақстан бүгінгі таңда өзінің сыртқы саясатын жүргізіп отыр. Әлемдік деңгейдегі жиындарға Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың жеке субъектісі ретінде атсалысып, өз ойын ашық айта алатын деңгейге көтерілуі, мысалы ОБСЕ сияқты әмбебеп, халықаралық ұйымдарға Төрағалық етуінің өзі осының айқын дәлелі болса керек. Қорытындылай келе біздің Конституциямыздың әлеуеті әлі де Қазақстанды талай жетістіктерге жеткізетіндігі және осы тәуелсіздігімізді алған жылдар ішінде Қазақстанда жасалған игі мұраттардың барлығы Конституция қағидалары сақтала отырып жасалды деуге толық негіз бар.

Қазақстан Республикасының Конституциясы барлық нормативтік құқықтық актілердің қайнар көзі, оған соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстанның одан әрі жан-жақты дамуына үлкен серпін беретін құжат болмақ.